

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды жасау мен берудің қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 18-04/279 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 шілдеде № 11592 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың актілерінің нысандары:

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру актісі;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптарының бұзушылықтарын жою туралы ұйғарым;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін кінәлі тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып, пайдаланылған атыс қаруын, тыйым салынған олжалау құралдарын және заңсыз олжаланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың өнімдерін сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қою туралы қаулы;

2) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың актілерін жасау және берудің қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.09.2018 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды толтыру және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 141-ө бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 23 мамырда № 9466 болып тіркелген, 2014 жылғы 9 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев
2015 жылғы 9 маусым

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 18-04/279 бұйрығына
1-қосымша

Нысан

№ _____ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама/

Протокол об административном правонарушении № _____

" _____ " _____ 201__ жыл/год _____ сағат _____ минут _____

часов минут (толтырылған жері/
место составления)

Хаттаманы толтырған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні/Должность,
фамилия и инициалы лица, составившего протокол

Іс қозғалған тұлғаға қатысты мәлімет/Сведения о лице, в отношении которого возбуждено дело:

Жеке тұлғалар үшін/ Для физических лиц:

Тегі/Фамилия _____ Аты/Имя _____

Әкесінің аты/Отчество _____

Азаматтығы/Гражданство: _____

Туған күні және жері/Дата и место рождения _____

Тұрғылықты жері/Место жительства _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері: _____

Наименование и реквизиты документа, удостоверяющего личность:

жеке сәйкестендіру нөмірі/индивидуальный идентификационный номер:

жұмыс орны/место работы: _____

ұлты _____ Жеке басын куәландыратын құжат: _____

Национальность: Документ удостоверяющий личность: (құжаттың атауы, сериясы, нөмері, берілген

күні, кім берді/наименование

документа, серия, номер,

дата выдачи, кем выдан)

Телефон/факс/ұялы байланыстың абоненттік нөмері: _____

Абонентский номер телефона/факса/ сотовой связи:

Электронды мекен жайы: _____

Электронный адрес:

Заңды тұлғалар үшін/Для юридических лиц:

Атауы, орналасқан жері: _____

Наименование, место нахождения:

Телефон/факс/ұялы байланыстың абоненттік нөмері: _____

Абонентский номер телефона/факса/сотовой связи:

Электронды мекен жайы: _____

Электронный адрес:

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

нөмері және күні: _____ БЖН/БИН № _____

Номер и дата государственной регистрации (перерегистрации):

Бұрын жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтары немесе (және)

соттылығының болуы туралы мәліметтер:

Сведения о ранее совершенных административных правонарушениях или (и)

наличие судимости: _____

(жасалған күні, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы)

(әрі қарай – ӘҚБтК)

(дата совершения, статья Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях Уголовного кодекса Республики Казахстан) (далее – КоАП)

Қаралатын іс бойынша өндірісті жүргізу тілі белгіленсін: _____

Определить язык производства по рассматриваемому делу:

Әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні/

Место, время совершения и существо административного правонарушения

осылайша, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі _____ бабының _____ бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған. (әрі қарай - ӘҚБтК)/тем самым совершено административное правонарушение, предусмотренное статьей _____ частью _____ Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях. (далее-КоАП)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндіріске қатысушылар туралы мәліметтер: куә, куәгер, жеке (занды) тұлғаның заңды өкілі, қорғаушы, аудармашы (қажетінің астын сызу керек)

Сведения об участниках производства по делу об административном правонарушении: свидетель, понятой, законный представитель физического (юридического) лица, защитник, переводчик (нужное подчеркнуть)

1. _____

(адамның тегі, аты-жөні және тұрғылықты жерінің мекенжайы/фамилия и инициалы лица, адрес места жительства)

2. _____

(адамның тегі, аты-жөні және тұрғылықты жерінің мекенжайы/фамилия и инициалы лица, адрес места жительства)

Құқықтары мен міндеттері түсіндірілді/ права и обязанности разъяснены

1. _____ 2. _____

(колы/подпись) (колы/подпись)

Жеке тұлғаның не заңды тұлға өкілінің түсініктемесі: Объяснения физического лица либо представителя юридического лица:

(қолы/подпись)

Істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер: Иные сведения, необходимые для разрешения дела: _____

(адамға қатысты қолданылған өндірісті қамтамасыз ету шарасы; дербес жалақысы жоқ, 16-дан бастап 18-ге дейінгі жастағы адамға қатысты хаттама толтырылған жағдайда ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері және жұмыс орны, атқаратын лауазымы және басқа да мәліметтер)

(мера пресечения производства которая применена в отношении лица; фамилия и инициалы, место жительства и работы, занимаемая должность родителей или лиц, их заменяющих, в случае составления протокола в отношении лица в возрасте от 16 до 18 лет, не имеющего самостоятельного заработка и другие сведения)

Хаттамаға қоса беріледі: К протоколу прилагаются: _____

(құқық бұзушылық объектісі болып табылатын, жануарлар дүниесінің өнімдері мен объектілерінің және құқық

бұзушылық құралы болып табылатын, алынған құжаттар мен заттардың тізімі мен сипаттамасы/Перечень и

описание продукции и объектов животного мира, являющихся объектом правонарушения и документов и

вещей, являющихся орудием правонарушения)

Істі қарау үшін: Для рассмотрения дела необходимо явиться

(уәкілетті органның толық атауы/

полное наименование уполномоченного органа)

по адресу _____ мекен жайы бойынша 201__ жыл

"__" _____ сағат _____ минут келу қажет

часов минут

Қолдары: хаттаманы толтырған адам/Подписи: лица, составившего протокол _____

(қолы/подпись)

куә/свидетеля (ей) _____ куәгерлер/понятых

(қолы/подпись)

1. _____ 2. _____

(қолы/подпись) (қолы/подпись)

Заңгерлік көмек қажет/қажет емес/

В юридической помощи нуждаюсь/не нуждаюсь _____

(қажетінің асты сызылады/нужное подчеркнуть) (қолы/подпись)

Аудармашы қажет/қажет емес (қажетінің асты сызылады)/ _____

В переводчике нуждаюсь/не нуждаюсь (қолы/подпись)

(нужное подчеркнуть)

Хаттамамен таныстым, көшірмесін алдым/

201__ жылғы " _____ "

(қолы/подпись)

С протоколом ознакомлен, Копию получил

Менімен көрсетілген тұрғылықты мекенжайдың (тұратын жер), жұмыс орнының, ұялы байланыс абоненттік нөмерінің, электронды мекенжайдың дұрыстығын растаймын және көрсетілген байланысқа жолдаған хабарлама

(ескерту білдіру) тиісті және жеткілікті болып саналатындығымен

таныстым/Подтверждаю, что указанное мною адрес места жительства

(места нахождения), места работы, абонентского номера, сотовой связи,

электронного адреса достоверны и ознакомлен с тем, что уведомление

(извещение) направленное на указанные контакты, будет считаться

надлежащим и достаточным.

ӘҚБтК-нің 38-тарауында көзделген құқықтар мен міндеттер маған

түсіндірілді./Права и обязанности, предусмотренные главой 38 КоАП,

мне разъяснены _____

(қолы/подпись)

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 30 наурыздағы

№ 18-04/279 бұйрығына

2-қосымша

Нысан

№ _____ тексеру актісі/Акт проверки № _____

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 23.06.2022 № 233 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі/

(ведомства атауы/наименование ведомства)

(аумақтық бөлімшенің атауы/наименование территориального подразделения)

20 ____ жылғы " ____ " _____ " ____ " _____ 20 ____ года

(акті жасалған орын (ауыл, кент, қала, балық шаруашылығы су айдыны және (немесе)

учаскесі/ место составления акта (село, поселок, город, рыбохозяйственный водоем и (или) участок)

Мен/Мною, _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/

должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии)

проведена проверка на основании _____

(бұйрық немесе басқа нормативтік құжат/

приказ или другой нормативный документ)

_____ негізінде/на соблюдение законодательства в области охраны, воспроизводства и использования животного мира в отношении

(тексерілуші субъектінің атауы/наименование проверяемого субъекта)

(тексерілуші субъектінің басшысы, не оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/фамилия, имя, отчество (при его наличии)

руководителя проверяемого субъекта, либо его представителя)

телефон: _____ факс: _____ қатысты, жануарлар

дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы

сақтауға тексеріс жүргізілді.

Тескеру/Проверка проведена при участии

(лауазымы, тегі, әкесінің аты (ол болған кезде)/должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии)

в присутствии/қатысуларымен жүргізілді _____

(тексерілуші субъекті өкілінің лауазымы, тегі аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии)

представителя проверяемого субъекта)

Тексеру жүргізілді/Проверка проведена: _____

(тексеру өткізу кезеңі және күні, орны/дата, место и период проведения проверки)
Тексеру кезінде мыналар анықталды/При проверке установлено следующее:

Актімен таныстым/

С актом ознакомлен(а): _____

(тегі, аты-жөні, тексерілу өткізілген субъектінің қолы/фамилия, инициалы, подпись проверяемого субъекта)

(таныстыру парағынан бас тартқан жағдайда себебін көрсету/в случае отказа от ознакомления указать причину)

Актімен таныстым/С актом ознакомлен (а): _____

(катысқандардың қолы, тегі, аты-жөні/фамилия, инициалы, подпись присутствовавших)

(таныстыру парағынан бас тартқан жағдайда себебін көрсету/в случае отказа от ознакомления указать причину)

Қолдары/Подписи: Актіні жасаған лауазымды тұлға/

Должностного лица, составившего акт _____

Тексеріліп отырған субъектінің уәкілетті өкілі/Уполномоченного представителя проверяемого субъекта _____

2 данадан _____ парақта жасалды /Составлено в 2 экземплярах на листах _____.

бірінші дана/экземпляр первый _____

екінші дана/экземпляр второй _____

Актімен таныстым және бір данасын алдым/С актом ознакомлен и один экземпляр получил: _____

тексерілетін субъектінің, не оның өкілінің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/подпись, фамилия, имя, отчество (при его наличии) проверяемого субъекта либо его представителя)

Нысан

№ _____

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптарының бұзушылықтарын жою туралы ұйғарым

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 23.06.2022 № 233 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

_____ (ведомства атауы)

_____ (аумақтық бөлімшенің атауы)

"__" _____ 20__ жыл _____

(объектінің орналасқан жері (ауыл, кент, қала, балық шаруашылығы су айдыны және немесе) учаскесі)

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор (лар) мен:

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

20__ жылғы _____ № _____ тексеру актісі негізінде

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабының 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, келесі іс-шараларды орындауды ұйғарамын:

№	Ұйғарымның мазмұны	Орындау мерзімі
1	2	3

Осы ұйғарым міндетті орындауға жатады. Кәсіпорынның, мекеменің басшысы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның мекенжайына осы ұйғарымның орындалуы бойынша ақпарат жолдайды.

Ұйғарымды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі тұлға Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Уәкілетті лауазымды тұлға _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Ұйғарымды алдым _____ " __ " _____ 20__ жыл

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

(болған жағдайда)

Мөр орны

Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 30 наурыздағы

№ 18-04/279 бұйрығына

4-қосымша

Нысан

Жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметіне тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы ұйғарым № _____

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.09.2018 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 30 наурыздағы

№ 18-04/279 бұйрығына

5-қосымша

Нысан

№ _____ Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін кінәлі тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 23.06.2022 № 233 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 __ жылғы " __ " _____

_____ (істі қараған жер)

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

_____ (ведомство атауы)

_____ (аумақтық бөлімшенің атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ жеке тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде),

_____ туған күні, тұрғылықты жері, жеке басты куәләндыратын құжаттың атауы және деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәлімет, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін: атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны,

орналасқан жері заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні,
сәйкестендіру
нөмірі және банк деректемелері)

_____ қатысты

(Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы"
кодексінің баптарын көрсету)

көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, мыналарды анықтадым:

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 738-
бабына сәйкес өндіріс тілін _____ белгілеймін.

Осы айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы" кодексінің 821, 822, 823-баптарын басшылыққа ала отырып,
мемлекеттік инспектор

Қаулы етті:

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің ____
_____ -бабы _____ -тармағы бойынша

(жеке тұлғалар үшін: әкімшілік жауапкершілікке тартылушының тегі, аты, әкесінің
аты

(болған жағдайда);

заңды тұлғалар үшін: әкімшілік жауапкершілікке тартылушының атауы)

айлық есептік көрсеткіш _____ сомада қайтарсын.

(сомасын жазып көрсету)

Айыппұл Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық
комитетінің банкіндегі № _____ бюджеттік есепшотына заң күшіне енген күннен
бастап _____ жұмыс күннен кешіктірілмей енгізілуі, коды _____ Мемлекеттік
табыстар комитеті _____,

бизнес-сәйкестендіру номері _____, банк бенифициары _____,
банктік сәйкестендіру коды _____.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 821-
бабына сәйкес қаралған істің нәтижелері бойынша қабылданған шешім түрі көрсетілсін

, сондай-ақ _____

(жеке тұлғаның өзімен бірге алып жүрген заттары мен құжаттардың алынып қойылғаны туралы мәселелердің және заңды тұлғаның меншігінен алынып қойған құжаттар мен мүліктер туралы шешімдер)

Осы қаулыға Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодекстің 830, 832-баптарына сәйкес қаулы берілген күннен бастап, 10 тәулік ішінде, ал істі қарауға қатыспаған тұлғаларға, оны алған күннен бастап, сол мерзімде шағым жасалуы мүмкін.

Лауазымды тұлға: _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімше ведомствосының атауы)
20 ____ жылғы " ____ " _____

Мөр орны

Жауапкершілікке тартылған тұлға қаулының бір данасын алды, құқықтарымен және міндеттерімен танысты

(тегі, аты-жөні, қолы)
20 ____ жылғы " ____ " _____

Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 18-04/279 бұйрығына
6-қосымша

Нысан

№ _____ Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып, пайдаланылған атыс қаруын, тыйым салынған олжалау құралдарын және заңсыз олжаланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың өнімдерін сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қою туралы қаулы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 23.06.2022 № 233 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 ____ жылғы " ____ " _____

(қаулы қабылданған жер)

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

(ведомство атауы)

(аумақтық бөлімшенің атауы, лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда)

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), азаматтығы, туған күні және жері,
тұрғылықты жері,

(жұмыс орны, оның мекенжайы, жұмыс берушінің деректемелері)

қатысты _____

(Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің
баптарын көрсету)

көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы 20____ жылғы "____" _____ №_____

хаттама негізінде қозғалған іс пен ұсынылған материалдарды қарап, мыналарды
анықтадым:

(жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы
Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын,
тыйым салынған олжалау құралдарын және заңсыз олжаланған жануарлар дүниесі
объектілері мен олардың өнімдерін алып қою жағдайы)

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің
738-бабына сәйкес өндіріс тілін _____ белгілеймін.

Осы айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы" кодексінің 791-бабын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік
инспектор

(уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы,
лауазымды тұлғаның тегі, аты, болса әкесінің аты (болған жағдайда)

Қаулы етті:

(Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және
пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып, пайдаланылған жануарлар
дүниесінің объектілері мен олардың өнімдерін заңсыз аулау мен тыйым салынған
құралдар, алып тасталған дәрімен атылатын қару-жарақтардың нөмірі, маркасы,
түрі)
алынсын.

Осы қаулыға Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодекстің 830, 832-баптарына сәйкес қаулы берілген күннен бастап, 10 тәулік ішінде,

ал істі қарауға қатыспаған тұлғаларға, оны алған күннен бастап, сол мерзімде шағым

жасалуы мүмкін.

Лауазымды тұлға: _____

(уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы, лауазымды тұлғаның тегі, аты, болса әкесінің аты (болған жағдайда)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Мөр орны

Жауаптылыққа тартылатын тұлға қаулының бір данасын алды, құқықтарымен және міндеттерімен танысты _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 18-04/279 бұйрығына
7-қосымша

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың актілерін жасау мен беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.09.2018 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың актілерін жасау мен беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және оларды жасау мен беру тәртібін айқындайды.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган), жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелердің жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларының Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптарының

бұзушылықтарына байланысты мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша құқықтық ықпал ету шараларын қолдану мақсатында мынадай актілер шығарылады:

1) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама;

2) тексеру актісі (бұдан әрі – акт);

3) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптарының бұзушылықтарын жою туралы ұйғарым ;

4) қаулы:

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін кінәлі тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы;

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып, пайдаланылған атыс қаруын, тыйым салынған олжалау құралдарын және заңсыз олжаланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың өнімдерін сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қою туралы қаулы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.09.2018 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың актілерін жасау мен беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.09.2018 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталғаннан (айқындалғаннан) кейін жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 802, 803, 804-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама ресімдейді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.09.2018 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада алынатын жануарлар түрлері және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Алынатын жануарлар және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттары әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамда қалдырылатын жағдайда хаттамада қалдыру себептері көрсетіліп, тиісті жазба жасалады.

Заңсыз олжаланған өнімде "Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесінде бар жануарлар болған жағдайда түр құрамы мен саны (көлемі) көрсетіліп тиісті жазба жасалады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған адамға, заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесі ол толтырылғаннан кейін қол қойғызылып дереу тапсырылады.

6. Тексеру нәтижелері бойынша жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор екі данада акт толтырады. Актінің бір данасы тексерілетін субъектіге беріледі, ал басқасы жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторда болады. Тәртіп бұзушылық болмаған жағдайда актіде тиісті жазба жасалады.

7. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар дүниесін қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарына байланысты құқықтық ықпал ету шараларын қолдану мақсатында жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының бұзушылықтарын жою туралы ұйғарым шығарады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.09.2018 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған органдарға және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін.